

Бекітемін

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің

«Білім беруді жаңғырту

орталығы» МКҚК басшысы

А. Макышева 

«13» қаңтар 2021 ж.

**«SHARE – білім саласындағы зерттеулерді жүргізуге арналған мектептер бірлестігі» халықаралық жобасына қатысу үшін мектептерді іріктеу конкурсы туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1.1. Мектептерді іріктеу конкурсы туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) «SHARE – білім саласындағы зерттеулерді жүргізуге арналған мектептер бірлестігі» халықаралық жобасында (бұдан әрі - Жоба) жұмыс істеу үшін, сондай-ақ Нұр-Сұлтан қаласы педагогтерінің кәсіби қоғамдастығын қалыптастыру мақсатында мектептерді іріктеу конкурсы тәртібін реттейтін негізгі қағидаттар мен қағидаларды белгілейді.

1.2. Жобаның қызметін реттейтін нормативтік құжаттар – Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК Кембридж университетінің Білім факультеті арасындағы 2020 жылғы 24 ақпандағы №22 қызмет көрсету туралы шарты және 2019 жылғы 1 тамыздағы ниеттер туралы хаты.

1.3. Іріктеу конкурсы оқыту мен оқытудың тиімділігін арттыруға назар аудара отырып, іс – әрекеттегі практиканы зерттеуге Нұр-Сұлтан қаласы мектептерінің басшылары мен мұғалімдерін оқыту үшін «SHARE – білім саласындағы зерттеулерді жүргізуге арналған мектептер бірлестігі» жобасын енгізу және іске асыру ауқымын кеңейту мақсатында өткізіледі.

1.4. Осы Ереже «SHARE – білім саласындағы зерттеулерді жүргізуге арналған мектептер бірлестігі» жобасына қатысу үшін кейінгі барлық іріктеу конкурстарына қолданылады.

1.5. Мектептерді іріктеу конкурсы рәсімін басқару функциялары өтінімдерді қарау және шешімдер қабылдау жөніндегі комиссияға жүктеледі.

2. Іріктеу конкурсының рәсімі

2.1. Мектептердің жобаға қатысуына арналған Конкурс жобасы іске асыру жоспарына қарай жүргізіледі.

2.2. Жобаға қатысу үшін үміткер мектептерге қойылатын жалпы талаптар:

- мемлекеттік мектеп (орта мектеп, гимназия, лицей) мәртебесінің болуы;

- мектепте жалпыға бірдей танылған құндылықтардың, миссия мен көзқарастың болуы;

- үздіксіз білім беруде педагогтерді қолдау;

- мұғалімдердің іс-тәжірибесін және оқыту тәжірибесін жақсартуға арналған мектеп қызметінің бағыты;

- өзгерістерді енгізуге ашықтық.

2.3. Іріктеу конкурсын өткізу кезеңдері:

2.3.1. Бірінші кезеңде үміткер мектептер өтінім жібереді (Қосымшаға сәйкес), содан кейін анонимді сауалнамаға қатысады. Анонимді сауалнама 10 сұрақтан тұрады. Анонимді сауалнама сілтемесі іріктеу конкурсына қатысуға өтінімді алған күні (өтінімде көрсетілген электрондық мекенжайға) жіберіледі. Сауалнаманы өтінім қабылдағаннан кейін 1 жұмыс күн ішінде толтыру қажет (мұғалімдердің 100 % қатысуы ескеріледі). Бұл кезеңде нәтижелер бойынша іріктеу / іріктеу болжанады.

2.3.2. Үміткер мектептер өтінімде көрсеткен электрондық мекенжайына бірінші кезеңнің нәтижелері туралы және екінші кезеңге (рефлексивті есеп) шақыру туралы хабарламаны 5 жұмыс күн ішінде алады.

2.3.3. 2 кезең - 600-800 сөзден тұратын және 3 сұрақты ашуды қамтитын рефлексивті есеп жазуды қажет етеді. Рефлексивті есепті жазуға арналған сұрақтар шақырумен бірге жіберіледі. Талаптар сақталмаған кезде (плагиат, сөздер санының сақталмауы) кезең нәтижелері жойылады.

2.3.4. Рефлексивті есепті жазуға мектептің барлық мұғалімдері қатыса алады. Әр мектеп бір рефлексивті есеп тапсырады. Бұл байқау комиссиясы ескеретін мектеп және мектептің әлеуеті туралы құрылымдалған ақпарат алу мүмкіндігі.

2.3.5. Іріктеу конкурсының екі кезеңі нәтижелерінің қорытындылары бойынша комиссия түпкілікті шешім қабылдайды, шешім хаттамада көрсетіледі. Конкурс комиссиясы отырысының нәтижелері Білім беруді жаңғырту орталығының ресми сайтында жарияланады және үміткер мектептердің электрондық мекенжайларына жіберіледі.

2.3.6. Конкурстың басталуы және оның соңғы нәтижелері туралы ақпаратты жариялау Білім беруді жаңғырту орталығының ресми сайтында жүргізілетін болады.

2.3.7. Конкурстық комиссия өткізілген кезеңдердің нәтижелерін бағалау, қорытындыны дайындау рәсімдерін үміткерлер конкурстың екінші кезеңінен өткен соң 5 жұмыс күн ішінде жүргізеді.

3. Іріктеу конкурсы комиссияның құрамы

3.1. Конкурсты өткізу үшін орталық басшысының бұйрығымен комиссия құрылады.

3.2. Үміткер мектептерге конкурстық іріктеу жүргізу үшін комиссия құрамына мыналар кіреді:

➤ Комиссия төрағасы:

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК басшысы.

➤ Комиссия мүшелері:

SHARE жобасы аясындағы желілік үйлестірушілер;

➤ Комиссия хатшысы (шешім қабылдауға қатыспайды).

4. Іріктеу конкурсын өткізу тәртібі

4.1. Конкурсқа қатысуға жіберілмейді:

➤ Жеке меншік мектептер;

➤ Жоба жұмысына қатысып жатқан мектептер.

4.2. Комиссияның шешімі ашық дауыс беру жолымен айқындалады. Даулы жағдайлар болған жағдайда түпкілікті шешім Комиссия төрағасында қалады.

4.3. Конкурс нәтижелері үміткер мектептерге Комиссияның түпкілікті шешімі қабылданғаннан кейін жария етіледі.

4.3. Іріктеуден өткен және Жоба жұмысына қабылданған жаңа мектептер мен әрбір қатысушыларға қатысу талаптары мен қағидалары белгіленеді.

4.4. Конкурстық комиссияның құрамына кіретін қызметкерлер іріктеу конкурсы процесінде алынған үміткер мектептер туралы дербес ақпараттың жарияланбауына жауапты болады.

4.5. Комиссия өз қызметін осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4.6. Комиссия отырыстары қажеттілікке қарай өткізіледі.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
«Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК
басшысы

А. Макышеваға
Білім беру ұйымының атауы

Байланыс телефоны/ электрондық
пошта(міндетті түрде)

ӨТІНІШ

_____ (ұйым атауы) «SHARE – білім саласындағы зерттеулерді жүргізуге арналған мектептер бірлестігі» халықаралық жобасына қатысу үшін мектептерді іріктеу конкурсына қатысуға өтінім білдіреді. Мектептегі мұғалім саны ___ және оқушы саны ___ екенін растайды.

Мектеп директоры

Мерзім «__» _____ 20__ ж.

М.О.